



Құрметті студент!

2018 жылы «Гуманитарлық ғылымдар - 3» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B020900	«Шығыстану»	1. Классикалық және қазіргі заманғы шығыстану 2. Шығыс елдерінің ерте дәуірдегі және орта ғасырлардағы тарихы 3. Мәдениетаралық байланыс теориясы мен практикасы 4. Жаңа және қазіргі кезеңіндегі шығыс елдері тарихы

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - Классикалық және қазіргі заманғы шығыстану
 - Шығыс елдерінің ерте дәуірдегі және орта ғасырлардағы тарихы
 - Мәдениетаралық байланыс теориясы мен практикасы
 - Жаңа және қазіргі кезеңіндегі шығыс елдері тарихы
- Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест сынағы аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Классикалық және қазіргі заманғы шығыстану

1. Азия және Африка елінің тарихи-мәдени зерттеуінің негізгі әдістері:

- A) Антропологиялық
- B) Өркениеттік
- C) Жүйелік
- D) Тарихнамалық
- E) Психоаналитикалық
- F) Құрылымдық
- G) Социолінгвистикалық

2. Ресейдегі басты шығыстану орталықтары:

- A) ММУ-нің Азия және Африка елдері институты
- B) Петербург Шығыстану институты
- C) СПбМУ Шығыстану институты
- D) Владимирск шығыстану институты
- E) Қиыр Шығыс Мемлекеттік Университеті

3. Ресейде Шығысты зерттеуге ынта білдірген патшалар:

- A) Николай I
- B) Елизавета III
- C) Ұлы Петр
- D) Екатерина I
- E) Иван Грозный
- F) Екатерина II

4. Иврит:

- A) түркі тілдер тобына жатады
- B) үнді-европа тілдері тобына жатады
- C) грек-латын тілдері тобына жатады
- D) роман-герман тілдері тобына жатады
- E) шығыстанудың зерттеу объектісі
- F) славян тілдер тобына жатады
- G) гебраистиканың зерттеу объектісі

5. XIX ғасырда Ресейде қалыптасқан ірі шығыстану орталықтары:

- A) Новгород
- B) Орск
- C) Тверь
- D) Санкт-Петербург
- E) Москва
- F) Тобольск
- G) Қазан

6. Санкт-Петербург университетінде шығыстану факультетінде алғаш ашылған кафедралар:

- A) қырғыз тілі
- B) өзбек тілі
- C) корей тілі
- D) араб тілі
- E) азербайжан
- F) жапон тілі

7. Н.Я. Бичуриннің Ресей шығыстануындағы орны:

- A) Ресейде еврей тілін оқытудың әдістемесінің негізін қалаған
- B) Ресейде ирантанудың қалыптасуына үлкен үлес қосқан
- C) Ресейде қытай тілін оқытудың әдістемесінің негізін қалаған
- D) Ресейде индология бағытының қалыптасуына үлкен үлес қосқан
- E) Қытай тілінен аса құнды материалдар аударған
- F) Ресейде синология бағытының қалыптасуына үлкен үлес қосқан

8. Н.А. Алдабек:

- A) Шығыстану факультетінің тұңғыш деканы
- B) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры
- C) Орталық Азия, Қазақстан және Қытай арасындағы саяси, экономикалық байланыстар мәселесін зерттейді
- D) Қазақстандық корейтану мектебінің негізін қалады
- E) Қазақстандық жапонтану мектебінің негізін қалады
- F) Қазақстандық қытайтану мектебінің негізін қалады

9. Ресейде қытайтанудың негізін қалағандар:

- A) И.П. Минаев
- B) Х.Д. Френ
- C) С.Ф. Ольденбург
- D) И. Бичурин
- E) П. Кафаров
- F) В.П. Васильев

10. Ресей практикалық шығыстануы бастау алады:

- A) Қытай жазбаларынан
- B) Шіркеу қызметкерлерінің Таяу Шығыс елдері туралы жазбаларынан
- C) Ортағасырлық парсы жазбаларынан
- D) Ортағасырлық араб саяхатшыларының жазбаларынан
- E) Русь княздықтарының көрші мемлекеттермен жүргізген сауда қатынасынан
- F) Ежелгі түркі жазбаларынан

11. I Петр жарлығымен құрылған сыртқы істер Коллегиясының міндеттері:
- A) шетелден келген қонақтарды қарсы алып, қонақ үйлерге орналастыру
 - B) шетел билеушілерінің жанұяларымен қатынас орнату
 - C) хатшылардың жұмыстарын қадағалап отыру
 - D) министрлермен кеңес өткізу
 - E) өзге елдерден келген поштаны ашып отыру
12. Шығыс тілдерін оқытуда жергілікті жердің практикалық мүдделері ғана қанағаттандырды:
- A) Ереванда түркі халықтарына қажет мамандар дайындалды
 - B) Тифлисте Грузияның ұлттық мәдениеті оқытылды
 - C) Владивостокта Қиыр Шығысқа қажет мамандар дайындалды
 - D) Хабаровскіде кержактарға қажет мамандықтар дайындалды
 - E) Верныйда грузин тарихының мамандары дайындалды
 - F) Киевте Қиыр Шығысқа қажет мамандар дайындалды
 - G) Иркутскіде Кавказға қажет мамандар дайындалды
13. Ленинградта ашылған Тірі шығыс тілдері институтының оқу жоспарына арнайы енгізілген пәндер:
- A) әскери
 - B) қаржылық-экономикалық
 - C) шығыс өнері
 - D) құқық
 - E) педагогика
14. Кеңестік кезеңде шығыстанушылар дайындалған ірі оқу орындары:
- A) Практикалық шығыстану институты
 - B) Ленинград мемлекеттік университетінің шығыс факультеті
 - C) Түркологиялық институт
 - D) Таяу Шығыс институты
 - E) Будда мәдениеті институты
15. Ұлы Отан соғысынан кейін Кеңес Одағының Шығыс елдеріне қызығушылық танытуына себеп болған жағдайлар:
- A) Шекара мәселесі
 - B) Шығыс елдерінде батысқа қарсы ұстанымның пайда болуы
 - C) Шығыс елдерінде экономиканың күрт дамуы
 - D) Сыртқа өнім шығару мүддесінің пайда болуы
 - E) Кейбір Шығыс елдерінің социалистік даму бағытына бет бұруы

16. Қазіргі ресейлік белгілі шығыстанушылар:

- A) Б. Халидов
- B) В.В. Бартольд
- C) Б. Гафуров
- D) Е.М. Примаков
- E) М.С. Мейер

17. Ресейде шығыстанушылар дайындайтын қазіргі ірі жоғары оқу орындары:

- A) Чувашия мемлекеттік университеті
- B) Адыгей мемлекеттік университеті
- C) Башқұртстан мемлекеттік университеті
- D) Санкт-Петербург мемлекеттік университеті
- E) Кабардин-Балкар мемлекеттік университеті
- F) Карачай -Черкес мемлекеттік университеті

18. Ресейге қосылғаннан кейін, орыстардың Қара теңізге шығуына мүмкіндік туғызған территориялар:

- A) Грузия
- B) Қырым
- C) Калмыкия
- D) Армения
- E) Азербайжан
- F) Орта Азия
- G) Солтүстік Кавказ

19. 2001 жылы 15 маусымда Шанхай Ынтымақтастық ұйымы құрылып, қол қойған конвенциялар:

- A) Экстремизммен күрес туралы
- B) Ваххавизммен күрес туралы
- C) Даосизммен күрес туралы
- D) Ракпен күрес туралы
- E) Интернационализммен күрес туралы
- F) СПИД-пен күрес туралы

20. XVII ғасырда құрылған ең алғашқы «Шығыс кітапханасы»:

- A) Британ мұражайында сақтаулы тұр
- B) Луврда сақтаулы тұр
- C) Кітаптың авторы Бартеlemi д'Эрбело
- D) Отырар кітапханасында сақтаулы тұр
- E) Араб және парсы тілдеріндегі қолжазбалардың негізінде құрылған

21. Қазіргі кезеңдегі шығыстану алдындағы қиындықтар:

- A) Шығыс елдері мен аймақтары бойынша мамандар дайындауда баланс жоқ
- B) Классикалық шығыстану саласының мамандары жетіспейді
- C) Шығыстанушылар дайындайтын орталықтар жоқ
- D) Шығыс елдеріне қызығатындар жоқ
- E) Жас буын өкілдерінің саны күрт азайды
- F) Шығыстанушылар дайындайтын орталықтар күрт қысқарды
- G) Мемлекеттік қаражат аз бөлінеді

22. Шығыс елдерінің Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығын дамытуда шешуші рөл атқаратын халықаралық және аймақтық ұйымдар:

- A) Ислам Ынтымақтастық Ұйымы
- B) ОПЕК
- C) Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (СВМДА)
- D) Еуропалық Одақ
- E) Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы
- F) Африкалық Одақ
- G) АСЕАН

23. Қазақстандағы шығыстану ғылымының басым бағыттарының бірі:

- A) Украина мен Шығыс өркениетінің өзара тарихи мәдени байланысын зерттеу
- B) Өзбекстан мен Шығыс өркениетінің өзара тарихи мәдени байланысын зерттеу
- C) Қырғызстан мен Шығыс өркениетінің өзара тарихи мәдени байланысын зерттеу
- D) Ресей мен Шығыс өркениетінің өзара тарихи мәдени байланысын зерттеу
- E) Орталық Азия мен Шығыс елдеріндегі мұсылман ілімдері, қозғалыстары мен ағымдарының тарихи ерекшеліктерін табу
- F) Қазақстан мен Шығыс өркениетінің өзара тарихи мәдени байланысын зерттеу
- G) Қазақстан, Орталық Азия және Шығыс елдері халықтарының тарихы, діні және мәдениетіне байланысты жаңа материалдар табу және оны ғылыми айналымға енгізу

24. Грузин шығыстану мектебінің негізін қалағандар:

- A) М. Басиладшвили
- B) А. Халидов
- C) А. Чхеидзе
- D) Г.С. Ахвледиани
- E) Г.В. Церетели
- F) Н.Я. Марр

25. Ислам энциклопедиясы (Encyclopaedia of Islam):

- A) Бірінші Бас редакторы Ф. Көпрүлү болды
- B) Әлеуметтік-экономикалық тақырып үшінші басылымда азырақ болды
- C) Екінші басылымы иллюстрациямен шықты (карталар, схемалар, суреттер, фотографиялар), әлеуметтік-экономикалық тақырып көбірек қамтылды
- D) Ресейден энциклопедия жазуға академиктер В.В. Бартольд, Е.Э. Бертельс, И.Ю. Крачковский, А.Н. Самойлович, А.Ю. Якубовский қатысты
- E) Алғаш рет Лейденде (1913—38) неміс, француз және ағылшын тілдерінде шықты

**Классикалық және қазіргі заманғы шығыстану
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Шығыс елдерінің ерте дәуірдегі және орта ғасырлардағы тарихы

1. Шығыста пайда болған әлемдік діндер:

- A) христиан
- B) ислам
- C) синтоизм
- D) зороастризм
- E) конфуцийшілдік

2. Ежелгі Мысыр астанасы:

- A) Сузы
- B) Пасаргады
- C) Ниневия
- D) Ашшур
- E) Танис

3. Ежелгі Египеттің сыртқы саясатының бағыттары:

- A) Үндістан
- B) Закавказье
- C) Иран
- D) Месопотамия
- E) Нубия
- F) Орта Азия

4. Ежелгі патшалық Фараондары:

- A) Снофру, Хуфу, Менкаура
- B) Джосер, Джер
- C) Рамсес II, Хоремхеб, Сети I
- D) Саху-Ра, Неферирка-Ра
- E) Яхмос, Тутмос III, Аменхотеп IV
- F) Мина, Хасехемуи
- G) Аменемхет III, Сенусерт III
- H) Ментухотеп, Аменемхет I

5. Б.з.д. XXI-XX ғғ. Ежелгі Месопотамия мемлекеттерінің заңдық құжаттары:

- A) Ману заңдары
- B) Ашшур судебнигі
- C) Парсылық Липит-Иштар патшаның заңдары
- D) Эшнуна заңдары
- E) Артхашастра
- F) Шульги заңдары

6. Ежелгі Месопатамияның ерте династиялық кезеңі тарихының патшалары:

- A) Римуш
- B) Эанатума
- C) Маништушу
- D) Нарам Суэн
- E) Ур-Намму
- F) Шульга

7. Ежелгі Иранда I Дарий патша жүргізген маңызды реформалар:

- A) білім
- B) әскери
- C) тұрмысқа байланысты
- D) сот
- E) мәдени
- F) әкімшілік

8. Индуизм бағыты:

- A) Ваджраяна
- B) Дигамбары
- C) Шактизм
- D) Шритамбары
- E) Вайшнавизм
- F) Шиваизм

9. Ежелгі Қытайда Цинь Шихуанди бір ортақ жүйеге келтірді:

- A) Ақшаны
- B) Әлеуметтік топтарды
- C) Жерді әкімшілік бөлікке бөлуді
- D) Қалаларды
- E) Өлшем бірліктерін

10. Орта ғасырлардағы шығыс ренессансының негізгі орталықтары:

- A) Осман империясы
- B) Моңғолия
- C) Египет
- D) Корея
- E) Арабия

11. Моңғолдардың жаулап алушылық соғыстарын жүргізуіне әсер еткен:
- A) діннің күшеюі
 - B) орталықтанған мемлекеттің құрылуы
 - C) халық көтерілістері
 - D) сауданың дамуы
 - E) мемлекет территориясын кеңейту және қазынасын арттыру мақсаты
 - F) мықты әскердің құрылуы
12. Орта ғасырдағы Қытайдағы жерге меншік формалары:
- A) Чонсиква, конхэджон, кубунджон
 - B) Коре, Сеэн
 - C) Цзюньтун, миньтун
 - D) Саджон, конмыджонси, минджон
 - E) Улус, тумэн, айл
 - F) Нэджанджон, кунвонджон
13. Орта ғасырда Суй әулеті тұсында жүргізілген ірі құрылыстар:
- A) храмдар
 - B) қалалар
 - C) мектептер
 - D) ұлы канал
 - E) жол құрылыстары
14. Ерте орта ғасырларда Қытайда «мейірімді халық» әлеуметтік тобы:
- A) шенеуніктер
 - B) көпестер
 - C) құлдар
 - D) абыздар
 - E) феодалдар
 - F) шаруалар
 - G) құл иеленушілер
15. 1392 жылы Корей түбегінде билікке келген мемлекет атаулары:
- A) Силла
 - B) Коре
 - C) Шу
 - D) Чосон
 - E) Пэкче
 - F) Корея

16. Орта ғасырлық Жапониядағы сегунаттар:

- A) Камакура
- B) Сумэраги
- C) Фудзивара
- D) Сога
- E) Накомати
- F) Тайра

17. Мәмлүктер мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатындағы маңызды оқиғалар:

- A) Айн-Джалут жанындағы моңғолдардың талқандалуы
- B) Мардж Дабике жанындағы шайқас
- C) Моңғолдардың Бағдадты алуы
- D) Арабтардың Мысырды жаулауы
- E) Иктаның мұрагерлік иелікке айналуы

18. 610-661жж. Аравия тарихындағы маңызды оқиғалар:

- A) Басып алынған тұрғындардың исламдануы
- B) Исламдық қауымдастықтың сунниттер мен шииттерге бөлінуі
- C) Ғылым мен философия өркендеуі
- D) Моңғолдардың Бағдадты алуы
- E) Араб халифатының құлауы

19. X ғ. мұсылмандардың халифаттық мемлекеттері:

- A) Ағлабидтер
- B) Альморавидтер
- C) Аббасидтер
- D) Омейядтар
- E) Кордова
- F) Ихшидидтер
- G) Фатимидтер

20. Сасанидтік Иранда дуализмді ұстанды:

- A) ислам
- B) манихейлик
- C) зороастризм
- D) джайнизм
- E) маздакизм
- F) махдизм
- G) буддизм
- H) беһаизм

21. Орта ғасырлық Ирандағы Хулагуидтер әулетінің ханы Газан ханның билігінің күшеюіне әсер еткен:

- A) мемлекетті орталықтандыруы
- B) реформалар жүргізуі
- C) ақшаны енгізуі
- D) жаңа дінді енгізуі
- E) еуропалықтармен байланыс орнатуы
- F) исламды қабылдауы
- G) халықпен жақындасуы
- H) өзін пайғамбар ретінде жариялауы

22. XVIғ. Үндістандағы антифеодалдық қозғалыстардағы бағыттар:

- A) махдизм
- B) джайнизм
- C) буддистік
- D) беһаизм
- E) рошанизм
- F) манихейлік
- G) сикхизм

23. Делилік сұлтанаттағы маңызды реформалар:

- A) Мұсылман еместерге салықты көбейту
- B) Мансаптар жүйесін құру
- C) Джиздия салығын жою
- D) Мукта құқығын бекіту
- E) Иктаның ақшалай төлемге ауыстырылуы
- F) Дінге еріктілік заңын жою
- G) Салық салудың жалға беру жүйесін құру

24. Кіші Азиядағы Осман билігінің күшеюіне әсер еткен факторлар:

- A) Сол кездегі Кіші Азиядағы саяси жағдай
- B) Сауданың дамуы
- C) Әскер
- D) Византиямен көрші орналасуы
- E) Географиялық орналасуы
- F) Территориясының үлкендігі
- G) Дін
- H) Моңғолдармен бейбіт келісім жасауы

25. Орта ғасырдағы Осман империясының әлеуметтік құрылымы:
- A) Ақсүйек лауазымы, ақсүйектер-шэньшиі
 - B) Әскери ақсүйектер
 - C) Төменгі каста: шудралар
 - D) Жоғарғы каста: брахмандар, кшатрийлер және вайшьялар
 - E) Сауатты шенеуніктер
 - F) Джагирдарлар, заминдарлар және шаруалар
 - G) Салық төлемейтін төменгі тап өкілдері
 - H) Жерге жеке меншік, мемлекеттік шаруалар, саудагерлер мен қолөнершілер

**Шығыс елдерінің ерте дәуірдегі және орта ғасырлардағы тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Мәдениетаралық байланыс теориясы мен практикасы

1. Қазіргі әлемде болып жатқан жаһандану үдерісі жоятын шекара:

- A) сана
- B) нәсілдік
- C) саяси
- D) кәсіби
- E) практикалық

2. «Мәдениет» сөзі білдіреді:

- A) адам жасағанның бәрі
- B) адамның жағымды қасиеттер жиынтығы
- C) артықшылықтар жүйесі
- D) тілдердегі, ұлттық тағамдағы айырмашылықтар
- E) күнделікті мінез-құлықты түсіндіру
- F) коммуникативті мінез-құлық жүйесі
- G) табиғат жасаған

3. Инкультурация агенттері:

- A) серіктестер
- B) тәрбиешілер
- C) фильмдер
- D) инновациялар
- E) қамқоршылар
- F) кітаптар
- G) музыка

4. Адамзат тарихында алғашқы халықаралық тілдерге жататын тіл:

- A) аккад
- B) иврит
- C) армян
- D) арамей
- E) түркі
- F) кельт

5. Кез келген мәдениетте жүріс-тұрысты белгілейтін қатынас нормалары қамтиды:

- A) ұғымдық жүйені
- B) модальділікті
- C) жеке бағаны
- D) жеке реакцияны
- E) концептуалдылықты
- F) жалпы интерпретацияны

6. Неміс мәдениетінде өте маңызды:

- A) Кешікпей келу
- B) Ұзақ әңгіме
- C) Жасырын сөйлеу
- D) Кешігіп келу
- E) Көп мадақтау

7. Ұжымдық мәдениеттерде маңызды болып саналады:

- A) Жеке адам көзқарасы
- B) Топтың көзқарастары
- C) Жеке тұлғаның мақсаты
- D) Жеке адам қажеттілігі
- E) Көпшілік қажеттіліктері
- F) Топтың мақсаттары
- G) Басқаға бағынбау
- H) Өзіндік пікір

8. Жоғары контекстуалды мәдениет өкілдеріне тән:

- A) бейвербалды тілдесуге көп мән бермеу
- B) болып жатқан жағдай туралы толық ақпарат қажет емес
- C) көп нәрсені болжап біле алу
- D) наразылықты ашық білдіре алу
- E) жанжал арқылы теңдесу
- F) тура және мәнерлеп сөйлеу, үндемеген сенімсіздік білдіру
- G) көп нәрсені тілдік емес контекстпен жеткізе алу

9. Келісілген уақыттан кешікпей келуді маңызды деп санайтын ел:

- A) Египет
- B) АҚШ
- C) Бразилия
- D) Италия
- E) Германия
- F) Швейцария
- G) Испания

10. Бөгде мәдениет ортасына дұрыс бейімделу үшін адамға өте қажет:

- A) Артефактілер әлемі
- B) Азық-түлікпен қамтамасыз болу
- C) Экономикалық тұрақтылық
- D) БАҚ позициясы
- E) Қылмыс деңгейі
- F) Мәдени өмір
- G) Климаттық жағдайлар

11. Микродеңгейде өтетін коммуникация түрі:

- A) өзекті
- B) аймақтық
- C) дискурсивті
- D) әлеуметтік таптық
- E) стратегиялық
- F) контрмәдени

12. Өзге мәдениетке бейімделудің екінші кезеңіндегі адамда пайда болуы мүмкін сезім:

- A) Түңілу
- B) Фрустрация
- C) Оптимизм
- D) Мұңаю
- E) Қанағат
- F) Эйфория
- G) Үміт
- H) Энтузиазм

13. Коммуникациядағы дауыстың маңызды роль атқарушы сипаты:

- A) Сөйлеу жылдамдығы
- B) Артикуляция
- C) Әуенділік
- D) Батылдық
- E) Дауыс қаттылығы
- F) Байыптылық
- G) Үстемділік
- H) Ырғақтылық

14. Түрлі мәдениеттерге ортақ сәлемдесу ишараты:

- A) Түшкіру
- B) Кері жылжу
- C) Алға қадам басу
- D) Бас ию
- E) Құшақтау
- F) Қасын көтеру

15. Америка мәдениетінде әңгімені аяқтау немесе тақырыпты өзгерту үшін қолданылатын қимыл:

- A) Жиі басын изеу
- B) Арқадан қағу
- C) Бетін теріс бұру
- D) Қалпын өзгерту
- E) Алақанын қасу
- F) Алға еңкею

16. Адамның киіміне, атрибуттарына қатысты бейресми белгі жүйесіндегі негізгі көрсеткіш:

- A) иіс
- B) пішін
- C) түс
- D) баға
- E) силуэт

17. Бейвербалды амал нақтылайды:

- A) Дәрежені
- B) Ой-өрісті
- C) Дайындықты
- D) Қоғамдағы орынды
- E) Білімді
- F) Пікірді
- G) Эмоцияны
- H) Сезімді

18. Жанжалды басу үшін қолданатын әрекет:

- A) Аяу
- B) Шабуыл жасау
- C) Жарысу
- D) Көну
- E) Ынтымақтастық жасау

19. Аттракцияның ішкі факторы:

- A) Келбет тартылымдығы
- B) Өзіне назар аударту
- C) Ұқсастық факторы
- D) Ұнау
- E) Өзгеге бағыну
- F) Тұлғааралық
- G) Қатынас стилі
- H) Өзінің маңыздылығын сезіну

20. «Мәдениетаралық коммуникация» терминінің қолданылатын мағынасы:

- A) Университеттік пән
- B) Физиологиялық ерекшелік
- C) Табиғи әдіс
- D) Семантика-синтаксистік топ
- E) Ұжымдық іс-әрекет
- F) Түрлі мәдениеттер өкілдерінің қатынасы
- G) Жеке тұлғаның өзгешелігі

21. 80-шы жылдардың соңынан Германияда жүргізілетін мәдениетаралық коммуникация мәселелері:

- A) аккумуляция
- B) психология
- C) фольклористика
- D) когнитивистика
- E) еңбек миграциясы
- F) этносемантика

22. Жалған нанымның бағалау сипаты:

- A) дұшпандық
- B) биологиялық
- C) ойсыз
- D) сипаттайтын
- E) тарихи

23. Стереотиптер мәдениетаралық коммуникацияға кедергі болады, егер олар:

- A) түрлендірілсе
- B) бейвербалды таңбаларға негізделсе
- C) жартылай шындық пен бұрмалауға негізделсе
- D) тұрақты сөз тіркестерінен қалыптасқан болса
- E) адамдардың жеке сипаттары байқалмаса
- F) жаңылыс пікірді қайталаса және үдетсе
- G) маңызды болса
- H) болжау болса

24. Мәдениетаралық құзіреттілік топтары:

- A) Физиологиялық
- B) Аффективті
- C) Белгілі
- D) Процессуалдық
- E) Когнитивті
- F) Денотативті
- G) Лингвистикалық
- H) Арнайы

25. Г. Ауэрнхаймер пікірінше мәдениетаралық құзіреттілікке үйрету бастамасы:

- A) Өзінің мүдделерін айқындау
- B) Ерекшелікті мойындамау
- C) Өзгешелікті мойындау
- D) Басқаларды зерттеу
- E) Қоғамдық қажеттіліктерді белгілеу
- F) Сыни рефлексия
- G) Өзін-өзі тану
- H) Ерекшеліктерді теріске шығару

**Мәдениетаралық байланыс теориясы мен практикасы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Жаңа және қазіргі кезеңіндегі шығыс елдері тарихы

1. Жапонияның астанасы болған қалалар:

- A) Киото
- B) Вакаяма
- C) Осака
- D) Эдо
- E) Хирошима
- F) Фукушима

2. Ламаизм дініндегі негізгі тұлғалар:

- A) Будда
- B) Панчен-лама
- C) Далай-лама
- D) Гаутама
- E) Боғды-гэгэн
- F) Сюаньцзан
- G) Шакиа-Муни

3. Синьхай революциясы қамтыған жылдар:

- A) 1910 ж.
- B) 1911 ж.
- C) 1915 ж.
- D) 1914 ж.
- E) 1909 ж.
- F) 1908 ж.

4. Мин империясының манчжурлерден жеңілу себептері:

- A) Соңғы император өз еркімен манчжурлерге берілді
- B) Англияның үздіксіз шабуылы
- C) Манчжурлерді голландықтардың қолдауы
- D) Мин династиясының әлсіреуі
- E) Қытай билеуші топтарының сатылып кетуі

5. 1860-1890 жж. Үндістанның сыртқа экспортталған тауарлары:

- A) Жүн
- B) Мақта
- C) Фарфор
- D) Жібек матасы
- E) Металл ыдыстар
- F) Шыны

6. XVII ғасырда ағылшындық ост-инд компаниясының коммерциялық және саяси орталығы саналған Үндістан қалалары:

- A) Мешхед
- B) Газни
- C) Калькутта
- D) Мадрас
- E) Бомбей

7. XVII - XVIII ғасырларда Иран экономикасының негізгі тірегі:

- A) Қолөнер
- B) Жаулапалушылықсоғыстанкелгенолжалар
- C) Мал шаруашылығы
- D) Шетел капиталы
- E) Жер шаруашылығы
- F) Англиядан жыл сайын берілетін субсидия

8. Жаңа заманда Ауғанстанда мекендеген ең негізгі тайпалар:

- A) Хамсайя
- B) Абдали
- C) Мартир
- D) Дуррани
- E) Гилзай

9. XIX ғ. аяғы- XX ғ. басында Осман империясы құрамына кірген мемлекеттер:

- A) Тунис
- B) Пәкістан
- C) Сирия
- D) Біріккен Араб Әмірлігі
- E) Иран, Аден

10. Осман империясының алғашқы конституциясы:

- A) 1876 жылы қабылданды
- B) Маккама хатт-и шериф деп аталды
- C) Елдің тәуелсіздігін жариялады
- D) 1891 жылы қабылданды
- E) Зайырлы мемлекет жариялады
- F) 1901 жылы қабылданды

11. 1817 жылы жаппай шабуыл нәтижесінде мысырлықтардың қолына өткен Сауд Арабиясындағы елді мекендер:

- A) Шакру
- B) Неджд
- C) Дамаск
- D) Эр-Расс
- E) Дирьие
- F) Унайза
- G) Мекке

12. 1899 ж қазанда бурлардың басып алған иеліктері:

- A) Натал
- B) Блумфонтейн
- C) Ангола
- D) Мозамбик
- E) Кейптаун
- F) Кения

13. 1940 жылы 27 қыркүйекте Жапония, Германия және Италияға қарсы одақ құрған елдер:

- A) Жапония
- B) Үндістан
- C) Ұлыбритания
- D) Ауғанстан
- E) Германия
- F) АҚШ

14. Жапонияның либерал-демократиялық партиясы билігінің тізгінін ұстаған жетекшілері:

- A) Дж. Неру
- B) А. Сукарно
- C) Ким Ир Сен
- D) Хо Ши Мин
- E) Д. Обути

15. 1950 жылғы 14 ақпандағы КСРО мен Қытай арасындағы келісім сипаты:

- A) ЯҚТШ-ға қосылу
- B) Кедендік пайызсыз жөнінде
- C) Достық
- D) Өзара көмек
- E) Одақтастық

16. Қытайдағы бірінші азаматтық соғыс қарсаңында оңтүстік үкіметтің бақылау орнатқан провинциялары:

- A) Ганьсу
- B) Ланчжоу
- C) Хэбей
- D) Гуанси
- E) Гуйчжоу
- F) Хунан бөлігі

17. I дүниежүзілік соғыс қарсаңында отаршылдарға қарсы шыққан Индонезияның саяси оппозициялық ұйымдары:

- A) «Сарекат ислам»
- B) «Илкамэ»
- C) «Мосидо»
- D) «Партиндо»
- E) «Токами»
- F) «Моптидо»
- G) «Мукомадо»

18. Пәкістан мемлекетінің тәуелсіздік алғаннан кейінгі қабылданған конституциясы жылдары:

- A) 1962 ж.
- B) 1936 ж.
- C) 1964 ж.
- D) 1973 ж.
- E) 1948 ж.
- F) 1956 ж.
- G) 1992 ж.

19. 1921 жылғы 26 ақпанда Мәскеуде қол қойылған кеңестік-иран келісімі бойынша:

- A) Иран Ресейге баж салығын төлеуге міндет алды
- B) Иран территориясы Ресейге қарсы әскери көтеріліс базасына айналған жағдайда, кеңес әскерлерін енгізу қарастырылды
- C) АҚШ-қа қарсы одақтасу қарастырылды
- D) Иран Ресейдің бас пайдасы үшін мұнай қорының 20 %-н беруге келісті
- E) Кеңестік үкімет Иранға ешбір өтемсіз тас жолдарды, телефон және телеграф желістерін және Энзели портын қайтарып берді
- F) Кеңестік Ресей Иранның территориялық тұтастығын бұзуға бағытталған шараға қатысудан бас тартатындығын жариялады
- G) Иран Ресейден 20 млрд. рубль өтемсіз несие алуға қол жеткізді

20. 1973 жылғы Ауғаныстандағы әскери мемлекеттік төңкеріске дейін қызмет атқарған премьер-министрлер:

- A) Нұр Ахмад Эттемади (1967-1971)
- B) Мұса Шафик (1972-1973)
- C) Морси Морен (1972-1973)
- D) Махер Ерен (1972-1973)
- E) Алеп Алун (1970-1972)

21. 1920 жылғы Севр келісімі бойынша Францияға өткен түрік вилайеттері:

- A) Урфа
- B) Кушадасы
- C) Анталья
- D) Камер
- E) Антеп

22. 1990 жылғы Парсы Шығанағындағы соғыста Кувейтке қолдау танытып, өз әскерлерін жіберген араб елдері:

- A) Марокко
- B) Египет
- C) Палестина
- D) Йемен
- E) Судан
- F) Алжир
- G) Сирия

23. I дүниежүзілік соғыстан кейін діни-қауымдық негізде құрылған Сириядағы ұсақ мемлекеттік құрылымдар:

- A) Мазанг
- B) Мерв
- C) Халеп
- D) Салими
- E) Дамаск
- F) Латакия

24. 1945 жылы 6 қазанда Манчестерде өткен V Панафрикалық конгрессте қабылданған қарар:

- A) Ядролық аймаққа өту
- B) Отаршыл мемлекеттерге қарсы тұру
- C) Отар мемлекеттермен достасу
- D) Ешқандай елді жібермеу
- E) Тек шетел тауарларын сатып алу
- F) Отар мемлекетке тәуелділікті мойындау
- G) БҰҰ-на меморандум

25. 1950-шы жылдары Тропикалық Африкада орын алған кәсіподақ қозғалыстардың мақсаты:

- A) «жабық есік» саясатын ұстану
- B) жұмысшылардың құқығын қорғау
- C) «ашық есік» саясатын ұстану
- D) шетелдіктермен одақтаса түсу
- E) құл саудасын жандандыру
- F) шетелдік капиталына қарсы шығу
- G) шетелдік отаршылдарға көмектесу

**Жаңа және қазіргі кезеңіндегі шығыс елдері тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**